

Сайфулмаликова С.С.¹ Садықова Ә.Қ.²

¹Тарих ғылымдарының докторы, e-mail: sabirasha@mail.ru

²3 курс PhD докторанты, e-mail: asemakaznpu@mail.ru

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ТҮРКІСТАН,
ДАЛА ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫНДА ҚҰРЫЛҒАН
МҰҒАЛІМДЕР СЕМИНАРИЯЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫНАН
(1879-1917 жылдар)**

Мақалада Түркістан мұғалімдер семинариясы (1879), Орскі-Орынбор қазақ мұғалімдер мектебі (1883), Семей мұғалімдер семинариясы (1903), Ақтөбе ерлер мұғалімдер семинариясы (1913), Орал мұғалімдер семинариясы (1913), Верный мұғалімдер семинариясы (1913), Ақмола мұғалімдер семинариясы (1916) және семинария жанынан ашылған үлгілі училищелердің құрылуы мен қалыптасу тарихы баяндалады. Семинарияға қатысты қабылданған Ережелер, әрбір мұғалімдер семинариясының өзіндік ерекшеліктері, семинарияда оқытылған пәндердің түрлері мен оған қатысты талаптар, шәкірттердің ұлттық, діни құрамы, тәлімгерлер мен попечительдер және олардың міндеттері, шәкірттердің үлгерім деңгейі, шәкірт ақының түрлері, кітап қорлары, семинариядағы тәрбие жұмыстары, семинарияны бітірген шәкірттер туралы да көрсетіледі.

Түйін сөздер: мұғалімдер семинариясы, Ережелер, училищелер, шәкірттер, шәкірт ақы, кітап қоры, пәндер, попечительдер мен тәлімгерлер.

Saifulmalikova S.S.¹, Sadykova A.K.²

¹Doctor of History, e-mail: sabirasha@mail.ru

²PhD 3-rd cours, e-mail: asemakaznpu@mail.ru

Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan. Almaty

**From the history of the teachers ' seminaries
of Turkistan's, Steppe's general – governorate
(1879-1917 years)**

This article examines the history of the formation and development of Turkestan teacher's Seminary (1879), Orsk-Orenburg Kazakh teacher's school (1883), Semipalatinsk teacher's Seminary (1903), Aktobe male teacher's Seminary (1913), Ural teacher's Seminary (1913), Vernensky teacher's Seminary (1913), Akmola teacher's Seminary (1916), as well as the best schools that were formed at these educational institutions. In addition, the author examines the rules concerning these educational institutions; the specific features of each institution; types of subjects taught in these seminaries. The article studies the national and religious composition of teachers and seminarians, duties of Trustees and mentors, level of progress, types of scholarships, book Fund, educational work and information about graduates who have graduated from these seminaries.

Key words: teacher's Seminary, Positions, school, students, scholarship, book Fund, subjects, Trustees and mentors.

Сайфулмаликова С.С.¹ Садыкова А.К.².

¹ Д.и.н. e-mail: sabirasha@mail.ru

²PhD докторант, e-mail: asemakaznpu@mail.ru

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан. г. Алматы

Из истории учительских семинарий туркестанского, степного генерал-губернаторства (1879-1917гг.)

В данной статье рассматривается история становления и развития Туркестанской учительской семинарии (1879), Орско-Оренбургской казахской учительской школы (1883), Семипалатинской учительской семинарии (1903), Актюбинской мужской учительской семинарии (1913), Уральской учительской семинарии (1913), Верненской учительской семинарии (1913), Акмолинской учительской семинарии (1916), а также образцовых училищ, которые были образованы при этих учебных заведениях. Кроме того, авторы исследуют правила, касающиеся данных учебных организаций; специфические особенности каждого учебного заведения; типы предметов, преподававшихся в данных семинариях. В статье изучены национальный и религиозный состав семинаристов, обязанности попечителей и наставников, уровень успеваемости, типы стипендий, книжный фонд, воспитательная работа и сведения о выпускниках, окончивших указанные семинарии.

Ключевые слова: учительская семинария, Положения, училище, студенты, стипендия, книжный фонд, предметы, попечители и наставники.

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысында Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан генерал-губернаторлығына қараған қазақ жерінде бұрын ашылған және енді ашыла бастаған Ресейлік білім беру жүйелері халықтық училищелер, приходтық бір, екі сыныптық ерлер, қыздар училищелері, екі-үш сыныптық қалалық училищелер, орыс-түземдік училищелер, болыстық мектептерге мұғалімдер жетіспеді. Сырдария облысында халықтық училищелерді шіркеу қызметкерлері жүйесіз түрде ашып, олар Халық ағарту министрлігіне де бағынбады. Ақмола, Семей, Орал, Торғай облыстарында ашылған оқу орындарының мұғалімдері Ресей империясының орталық губернияларындағы оқу орындарын бітірген әр түрлі ұлт өкілдері мен Орынбор Неплюев кадет корпусарын, Орынбор Шекара Комиссиясы жанындағы қазақ мектебін бітірген қазақ жастары болатын. Аймақтағы орыстық білім беретін оқу орындарына кәсіби мамандар жетіспеді, сондықтан да бастауыш білім беретін оқу орындарына мұғалімдер дайындау қажеттігі туындады.

Ресей империясы аймағында алғашқы мұғалімдер семинариясы немістік үлгіде 1803 жылы Виленск университеті жанынан, 1828 жылы прибалтық немістер мен эстовтар үшін Дерпте мұғалімдер семинариясы ашылған еді. 1870 жылы 17 наурызда мұғалімдер семинариясына қатысты Ереже қабылданды. 1872 жылы

Ресей империясында бірнеше мұғалімдер семинариясы ашылды. Қазан бұратана мұғалімдер семинариясы (1872), Омбы мұғалімдер семинариясы (1872), Уфимск-Орынбор татар мұғалімдер семинариясы (1872), Иркутск мұғалімдер семинариясы (1872).

Түркістан мұғалімдер семинариясы

1867 жылы Түркістан генерал-губернаторы адъютант Н.П. фон-Кауфманның алғашқы көңіл бөлген мәселесі орыстық үлгідегі білім беру жүйесін ашу және оған кәсіби мамандар дайындау болды. Генерал-губернатор Н.П. фон-Кауфман Санкт Петербургке барған сапарында Қазан қаласына тоқтап, арнайы Н.И. Ильминскийге жолығып, оны аймаққа шақыруды да көздейді, алайда оның бұл әрекеті нәтижесіз аяқталды. Өйткені Н.И. Ильминский Қазан бұратана мұғалімдер семинариясын басқаруға қойылған болатын. Н.И. Ильминский өзі Түркістан өлкесіне келмесе де, бірақ аймаққа өзінің миссионер шәкірттері И.П. Остроумов, М.А. Миропиев, А. Софийский, Н.А. Воскресенскийлерді аттандырды.

Түркістан мұғалімдер семинариясы 1879 жылы 1 тамызда 4 сыныптық болып ашылды. Семинарияның Иркутскіден ерекшелігінің бірі, ғылыми ілімдер бойынша 3 оқытушы, тәлімгер бекітілсе, мұнда 5 оқытушы, тәлімгер бекітілді. Семинариядағы қызметкерлердің жалақысы 1875 жылы Ресейдегі семинарияларға

бекітілген жалақыдан 50% жоғары болды, яғни мұғалімдерге Ташкент, Верный ерлер гимназиясының жалақысы деңгейінде жалақы төленді (Сборник Постановлений по Министерству Народного Просвещения, 1883а: 1632). Мысалы, Түркістан мұғалімдер семинариясының директорының жалақысы 3000 рубль, V шенде болса, Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі инспекторының жалақысы 1500 рубль, VI шенде, алғашқы оқу орнының негізгі ғылыми пәндерден сабақ жүргізетін мұғалімдерінің жалақысы 1800 рубль, ал соңғысының мұғалімдерінің жалақысы 1190 рубль болды.

Түркістан мұғалімдер семинариясында бау-бақша сабағын жүргізу үшін де арнайы қаржы көзі бөлінді. Иркутскі семинариясының штатына бөлінген қаржыдан 4380 рубль көбірек болды. Сонымен бірге семинарияның өз ғимараты салынғанға дейін және қызметкерлердің пәтерлерін жалға алу үшін жылына 4000 рубль қаржы көзін бөлу қарастырылды (Сборник Постановлений по Министерству Народного Просвещения, 1883а: 1632).

Иркутскі мұғалімдер семинариясына жылына 34.320 рубль, Қазан мұғалімдер семинариясына 33.950 рубль бөлінсе, Түркістан мұғалімдер семинариясына жылына 42.700 рубль бөлініп және бұл шығын қазына қорына өткенге дейін Ферғана облысының кіріс көзі есебінен жүргізілуі тиіс болды (Сборник Постановлений по Министерству Народного Просвещения, 1883а: 1632).

Түркістан мұғалімдер семинариясының оқытушылары үшін жеңілдіктер де жасалды: а) 3 жылдан кейін 4 айлық демалыс алуға құқы болды; б) Түркістан өлкесінде қызметін қалдырып, басқа жерге қызметке ауысса да, яғни 5 жыл қызмет үшін жаңа жерге жеткенге дейінгі жол қаражатын алуға және соңғы қызметі бойынша жарты жылдық көлемде жалақы алуға құқы болды; в) зейнетке шыққанда Түркістан өлкесінде жасаған 5 жылдық қызметі 7 жылдық қызмет өтелімі ретінде көрсетілді (Сборник Постановлений по Министерству Народного Просвещения, 1883б: 1634-1635).

Сол кезеңде Ресейде ашылған семинариялардың негізгі бөлігінде оқу мерзімі 3 жыл болса, Түркістан мұғалімдер семинариясында оқу жылы 4 жыл болды. Семинариядағы шәкірттердің практикалық сабақ жүргізуі үшін оның жанынан 1882 жылы бірінші үлгілі приходтық училище ашылды. Семинария жанынан 1885 жылы екінші училище тағы да ашылғанымен, бірақ бұл училище 1895 жылы жабылып қалды. Училищеге

де орыс балалары мен түземдіктердің шоқынған, шоқындырылмаған балалары қабылданды.

Училищеге екі мұғалім тұрақты сабақ берді, олардың әрқайсысының жалақысы 900 рубль болды. Орскі-Орынбор мұғалімдер мектебі жанынан ашылған бастауыш училищенің мұғалімінің жалақысы 360 рубль болатын. Түркістан мұғалімдер семинариясы жанынан ашылған училище мұғалімдерінің де, жалақылары басқа семинариялардың жанынан ашылған училищелермен салыстырғанда жоғары болды.

Түркістан мұғалімдер семинариясы Иркутск мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған Ережеге бағынғанымен, бірақ өзінің ерекшеліктері де болды, біріншіден орыс балаларымен бірге түземдіктердің шоқынған және шоқындырылмаған балалары қабылданды, қабылданатын орыс балаларының саны 50-ден кем болмауы қажет болды, қалған орындар түземдіктерге берілді. Қазан, Иркутск мұғалімдер семинариясының Түркістан семинариясынан ерекшелігі, бұл оқу орнына тек шоқынған түземдіктер ғана қабылданатын. Екіншіден, түземдіктерге парсы, немесе сарт тілі оқытылуы тиіс болды, бау-бақша ісінен практикалық сабақ өткізілді, үшіншіден, Құдай Заңы мен славяндық шіркеу тілі сабағы семинарияда және училищеге орыс балалары мен шоқынғандар үшін оқу міндетті болды. Түземдіктер үшін мұсылман діні сабағын оқытуды шешу Түркістан генерал-губернаторының құзырында болды (Сборник Постановлений по Министерству Народного Просвещения, 1883в: 1626). Семинария алған ашылған кезде қазақ, өзбек, татар балаларына оқуға рұқсат берілсе, 1902 жылдан бастап түрікмендерге де оқуға мүмкіндік берілді.

Түркістан генерал-губернаторлығы басшылығында болған өзгерістер семинарияның ішкі өмірі мен басшылығына да өзінің әскерін тигізіп отырды. 1882 жылы фон Кауфман қайтыс болғаннан кейін, билікке М.Г. Чернявтің (1882-1884) келуі Н.П. Остроумовтың семинария директорлығы қызметінен кетуіне себеп болды. Фон Кауфманның кезінде семинарияда орыс транскрипциясына негізделген қазақ тілі оқытылса, 1883 жылы М.Г. Чернявтің кезінде қазақ тілінің орнына сарт тілі, 1885 жылы генерал-адъютант фон Розенбахтың (1884-1889) кезінде сарт тілімен бірге парсы тілін оқытты. Фон Розенбахтың кезінде семинарияға Ресейдің барлық мұғалімдер семинарияларында бар құрметті попечитель лауазымы енгізілді. Қазалыдағы 1 гильдия көпесі Н.Ивановтың семинарияға жыл сайын 500 рубль

ақша көлемінде қайырымдылық жасауына байланысты оны семинарияның құрметті попечитель лауазым тұлғасына бекітіп және осы тұлғаға қатысты берілген барлық құқықтарды оның пайдалануына мүмкіндік берілді (Сборник Постановлений по Министерству Народного Просвещения, 1883г: 2249-2250 б). Көпес Н. Иванов қайырымдылықты көрсетуді тоқтатқанға дейін попечитель лауазымын иеленді. Жыл сайын семинария қорына 500 рубльден ақша аударумен бірге, 1883 жылы алғаш семинарияны бітірген 9 түлектің әрқайсысының жаңа қызметке тағайындалған жерге жететін қаражатын көтеріп, оларға 360 рубль көлемінде қайырымдылық жасады (Отчет о состоянии Туркестанской учительской семинарии с 1 августа 1882 года по 1 августа 1883 г., 1883: 37).

Добросмыслов Түркістан мұғалімдер семинариясында 25 жыл ішінде 415 адам білім алса (орыстар 348 адам, 83,9%, казактар 54 адам 13%, сарттар 9 адам 2,2%, татарлар 3 адам 0,3% және түрікмен 1 адам 0,2% оқыды, оның ішіндегі курсты толық аяқтағаны 254 адам (61,2 %) болды деп көрсетеді (Добросмыслов, 1912: 231). 1886 жылы училищеде 98 оқушы болса, оның 90 христиан, 8 мұсылман, 1893 жылы 2 үлгілі училищеде 94 ер бала болса, оның 91 православие дінінде, 1 рим католик, 2 мұсылман болған.

Алғашқы кезде семинарияның жеке ғимараты болмады. Семинария Ташкент қыздар гимназиясының ғимаратын жылына 900 рубльге жалға алып отырды (Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Т.10, 1894а: 28). 1886 жылы 3 ақпаннан бастап Ташкент гимназиясы жанынан түземдіктер үшін ашылған пәтерлер Түркістан мұғалімдер семинариясына берілді. Бұл пәтерлер енді семинарияның қарауына өткеннен кейін Мемлекеттік қазынадан және Сырдария, Ферғана облыстары мен Зарафшан округіндегі қазақ, сарттардың қоғамдық қоры есебінен қаржыландырылатын болды (Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Т.10, 1894б: 308). Пәтерлер 25 шәкіртке лайықталып жабдықталды. Шәкірттердің дәрі-дәрмек, канцеляриялық қажеттері, пәтерді жалға алу, оны жылыту, жарықтандыру және жөндеу мен қызметшілердің қызметінің шығыны да қарастырылды (Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Т.10, 1894в: 318).

Семинария қарауына өткен пәтерлерді басқару меңгеруші мен оның көмекшісіне жүктелді. Меңгерушінің жоғары, немесе орта білім деңгейі болуы қажет болды. Меңгерушілік

қызметке тұратын адамды Түркістан өлкесі училищелерінің инспекторы ұсынып, Түркістан генерал-губернаторы бекітті. Көмекшіні Түркістан мұғалімдер семинариясының толық курсын аяқтаған шәкірттердің ішінен училище инспекторы бекітті. Меңгеруші директорға бағына отырып оқу-тәрбие, шаруашылық бөлімді басқарды. Меңгеруші мен оның көмекшісі Түркістан мұғалімдер семинариясының Педагогикалық Кеңестеріне қатысу құқы болды (Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Т.10, 1894г: 317). 1886 жылы семинария жанынан ашылған пәтерді 1995 жылы өзін толық ақтамады деп жауып тастады.

Түркістан генерал-губернаторының өтінішімен 1898 жылы 57 бұйрыққа сәйкес Түркістан мұғалімдер семинариясын бітіргендер Түркістан өлкесіндегі қалалық училищелерде оқытушылардың көмекшісі қызметін жүргізу мүмкіндігін алды. 1872 жылы 31 мамырдағы қалалық училищелерге қатысты бекітілген Ережеге сәйкес қалалық училищелердің сынып мұғалімдеріне және оның көмекшілеріне мұғалімдер институтын бітіргендер ғана қабылдануы тиіс болатын. Түркістан генерал-губернаторы аймақтағы училищелерге мұғалімдер институтын бітіргендердің қызметке келмеуіне байланысты, бос орындарға мұғалімдер семинариясын бітіргендерді қызметке алу жөнінде Халық Ағарту Министрлігіне өтініш жасаған болатын, губернатордың өтініші қанағаттандырылып, семинарияның түлектері қалалық училищелерде оқытушылардың көмекшісі қызметіне қабылдана бастады (Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Том семнадцатый, 1904: 2202).

Семинарияда алғашқы кезде екі түрлі шәкірт ақы төленді: белгіленген штатқа сәйкес қазыналық, уез тұрғындарының арнайы бөлген шәкірт ақысы. Кейін бұдан бөлек жергілікті ұйымдар мен жеке тұлғалардың белгілеген, өз қаражатына оқитын пансионерлер, жартылай пансионерлер және семинарияда сынып бөлмесі жеткілікті болған кездерде келіп оқитындар. Мұсылман шәкірттеріне қазыналық шәкіртақының үштен бір бөлігі ғана бөлінді (Журнал министерства Народного Просвещения. Ч. 292. №36, 1894: 8).

Алғашқы кезде семинария ашылғанда 78 шәкірттің әрқайсысына 140 рубльден бөлініп, жалпы шығын 10.920 рубльді құрады. Семинария жанындағы училищедегі 40 шәкірттің әрқайсысына 120 рубльден 4800 рубль бөлінді (Сборник Постановлений по Министерству На-

родного Просвещения, 1883а: Қараңыз, қосымша, 26-27). 1911 жылдары қазыналық шәкірт-ақының көлемі 240 рубльге жетті. 1913 жылы Жетісу облысындағы Верный мұғалімдер семинариясы ашылғанға дейін, облыстық басқарма Түркістан мұғалімдер семинариясына арнайы қаражат бөліп өз шәкірттерін оқытып отыратын. Мысалы, 1911 жылы Жетісу облысы 9 адамға, Закаспий облысы 5 адамға шәкіртақыға қаражат бөлген (90-қор, 1-тізбек, 671-іс). 1913 жылдан бастап Жетісу облысының Түркістан семинариясына бөлетін шәкірт ақы қаражаты Верный мұғалімдер семинариясына бөлінетін болды.

Түркістан мұғалімдер семинариясында қазыналық шәкіртақыға оқығандар семинарияны бітіргеннен кейін приходтық училище, бастауыш училищеде 6 жыл еңбек етуі қажет болды, семинарияның түлектерін мұғалімдер институтына қабылдамады. Ресей империясының ішкері аймақтарындағы мұғалімдер семинариясының түлектеріне мұндай шектеушіліктер қойылмады.

Орскі мұғалімдер мектебі

Түркістан мұғалімдер семинариясы ашылғаннан кейін, 1883 жылы Орскі қаласында қазақ мұғалімдер мектебі ашылды. Мектеп 4 жылдық болып ашылды және жабық оқу орнына жатқызылды. Бұл мектептің Ташкент мұғалімдер семинариясынан бірнеше ерекшелігі болды біріншіден, мектеп 1872 жылы 27 наурыздағы Уфа мен Симферополь қалаларында ашылған татар мұғалімдер мектебі үшін қабылданған Ережеге бағынды. Татар мұғалімдер мектебінің Ережесіне сәйкес бастауыш сыныптық училищелер үшін қазақ жастарынан тәжірибелі мұғалімдерді дайындау көзделді. Мұғалімдер мектебі Халық Ағарту Министрлігінің Ведомствосына, Орынбор оқу округіне бағынды және мектептегі шәкірттерді сабақ беруге үйрету үшін, оның жанынан бастауыш бір сыныптық орыс-қазақ училищесі ашылды. Бұл училищенің мұғалімін Орскі мұғалімдер мектебін бітірген қабілетті, орыс тілін жақсы білетін қазақ түлектерінің арасынан инспектордың өзі таңдап алып, кейін оны Орынбор оқу округінің попечителі мұғалімдікке бекітті. Мұғалімдер мектебінде мұсылман діні сабағы оқытылды, оны жүргізетін адам молда дәрежесінде және орыс тілін жақсы білетін адам болуы тиіс болды, дін сабағының мұғалімін инспектордың өзі таңдап алып, кейін Орынбор оқу округінің попечителі жергілікті губернатордың келісімімен бекітті. Мектепте жұмысқа екі бақылаушы келісім шарт-

пен қабылданды. Олар жоғары немесе орта оқу орнының толық курсына аяқтаған тұлғалардан алынып, кейін оны Орынбор округтің попечителі бекітті. Олардың құқы прогимназияның, гимназияның сынып тәлімгерлерінің құқымен теңестірілді (Васильев, 1896а: 32-33).

Мектептегі барлық пәндер орыс тілінде жүргізіліп, мұсылман діні сабағы орыс немесе қазақ, араб тілінде жүргізілуі тиіс болды, ал мектептегі екпе салу уақытын Халық Ағарту Министрі бекітті (Васильев, 1896б: 32-33). Мұғалімдер мектебінде алғаш ашылған кезден 1892 жылға дейін тек қазақ балалары оқыды. 1892 жылдан бастап орыс балалары да қабылданатын болды, өйткені мектепті бітірген шәкірттер сабақ уақытынан тыс уақыттарда өз арасында қазақша сөйлеуіне байланысты орыс тілін дұрыс меңгермеді, сондықтан да мектепке орыс балаларын қабылдау арқылы, орыс тілін сөйлеуге үйретеміз деп көрсетілді (Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Том двенадцатый, 1896а: 835-836).

Татар мұғалімдер мектебі Жарғысының 2605 бабына сәйкес Орскі мұғалімдер мектебі орта оқу орнына жатқызылып Халық Ағарту Министрлігіне қарайтын прогимназиялардың құқына сәйкестендірілді. 2606 бапқа сәйкес мұғалімдер мектебінде алғашқы кезде қазына есебінен 40 шәкірт оқытуға құқы болды. Бұл белгіленген штаттан бөлек, мектептің материалдық жағдайы көтерген кезде земстволық, әр түрлі ұйымдар мен қоғамдардың бөлген қаражаттарына, жеке тұлғалардың өз қаражатына оқуға мүмкіндік берілді (Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Том двенадцатый, 1896б: 1639). 1885 жылы мұғалімдер мектебінде және оның жанындағы училищеде қазыналық шәкіртақы көлемі 60 адамнан 35 адамға, училищеде 15 адамнан 10 адамға қысқарды. Қысқарған шәкірт ақыдан қалған 2500 рубль оқу ғимаратын жалға алуға жұмсалды (Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Т.10, 1894г: 5-6).

2607 бапқа сәйкес мұғалімдер мектебін инспектор басқарды, ол белгілі оқу орындарының бірін бітірген, педагогикалық тәжірибиесі бар және татар тілін білуі тиіс болды. 2608 бапқа сәйкес инспекторға мектеп және оның жанындағы училище мұғалімдері бағынды, ал инспектордың өзі Орынбор оқу округінің попечителіне бағынды. 2609 бапқа сәйкес инспектор педагогика мен дидактика пәндерін жүргізуі тиіс болды. 2010 бапқа сәйкес мұсылман

дінін оқытатын мұғалімді жергілікті муфтидің келісімімен тағайындады (Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Том двенадцатый, 1896в: 1639).

Орск мұғалімдер мектебінің алғашқы штаты мынадай құраммен бекітілді: инспектор VI дәрежеде, жылдық жалақысы – 1500 рубль, ғылыми пәндер бойынша 4 оқытушы VIII дәрежеде, барлығына жылына 4380 рубль, көркем жазу мен сурет сабағының мұғалімі X дәрежеде, жылына 300 рубль, гимнастика мұғаліміне жылына 200 рубль, 2 бақылаушыға 1000 рубль, мұсылман дінінің мұғаліміне 540 рубль, дәрігер VIII дәрежеде жылына 200 рубль, қол өнері пәнінің мұғаліміне 200 рубль, бастауыш училищенің мұғаліміне 360 рубль, эконом IX дәрежеде, 200 рубль бекітілді (Журнал министерства Народного Просвещения. Ч.361. №9, 1905а: 32).

Мұғалімдер мектебінде оқытылған пәндер: Құдай Заңы мен шіркеулік славян тілі, жалпы және орыс географиясы, математика, физика жаратылыстану, қазақ тілі, көркем жазу, сурет пен сызу, ән мен музыка, қол еңбегі сабақтары. Орынбор мұғалімдер мектебінде музыка, ән, қазақ тілі сабақтары міндетті пәндер болмады. Музыка, қазақ тілі пәнін негізінен орыс балалары оқыды. Музыкадан скрипка аспабында ойнауға үйретті. Мұғалімдер мектебінде 19 скрипка болды. Кейбір шәкірттер аспапты өз қаражатына сатып алуы тиіс болған және шәкірттер аптасына өткен 4 сабақ үшін жылына 150 рубль ақша төлеуі тиіс болды. Шәкірттердің арасынан орыс балаларынан арнайы хор құрылды. Хордағылар шіркеулік әндер орындады. Қазақ балаларына ән сабағына қатысу міндетті болды. Жалпы ән сабағында зайырлы қоғам әндерімен бірге шіркеулік әндер үйретілді. Қазақ тілі сабағы орыс шәкірттеріне ғана оқытылды. Оларға қазақ тілі сабағында қазақ тілінің грамматикасы оқытылды және шәкірттер Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестомиясын» орыс тіліне аударды.

Түркістан мұғалімдер семинариясында мұсылман діні сабағы оқытылмаса, Орынбор мұғалімдер мектебінде мұсылман діні сабағы арнайы бекітілген бағдарламамен оқытылды. Мысалы, мұсылман дінінің бағдарламасы бойынша бірінші сыныпта оқытылды; Бір құдайдың бар екеніне сену. Мұхаммед пайғамбар туралы. Дұға қылу (Азан). Бес мезгіл дұға (Намаз). Жұма намазы. Құрбан шалу. Жаназа намазы. Қырық парыз. Намаздың қарыздары. Намаз соңындағы дұға. Құранда аттары жазылған пайғамбарлар. Жаназа намазының соңындағы дұғалар (95-қор, 2-тізбек, 220-іс).

1893 жылы облыстық әкімшіліктің ұсынысымен практикалық медицинадан гигиена сабағы оқытылды. Гигиена сабақтарында тағам, бактерия, құрттардың түрлері мен зияны, су, ауа, сүттің құрамы, аурудың себептері мен оның түрлері, киім, тұрғын үйге қатысты мәліметтер оқытылды (95-қор, 1-тізбек, 137-іс а).

1905 жылы Орынбор мұғалімдер мектебіне қол еңбегі пәнінің мұғалімі лауазымы бекітілді, оның жылдық жалақысы 1050 рубль болды. Қол еңбегі пәні үшін мектеп ғимараты ішінен арнайы сынып жабдықталды және оның шаруашылық қажетіне 3260 рубль бөлінді (Журнал министерства Народного Просвещения. Ч. 361. №9, 1905б: 10-11). 1915 жылдың бірінші жарты жылдығында шәкірттер 10 биік емес үстел, 20 табуретка, 15 қобдиша, 12 пресс-бювар жасаған, сонымен бірге аяқталмай қалған шкаф, комод, түскі ас үстелі және тағы да басқа заттар жасалды деп көрсетеді- қол еңбегінің оқытушысы (95-қор, 2-тізбек, 374-іс а).

1889 жылы тамызда Орскідегі мұғалімдер мектебі Орынборға көшірілді, өйткені Орскі қаласында болған өрт салдарынан мектептің ғимараты өртеніп кеткен болатын. Құпия кеңесші Михайлов Орынбордағы татар мұғалімдер мектебін жауып, Орскідегі мұғалімдер мектебін Орынборға көшіруге ұсыныс жасады. Михайловтың ұсынысына байланысты 1889-1890 жылы Орынбор татар мұғалімдер мектебіне шәкірт қабылданбады (Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Том одиннадцатый, 1895а: 82-83). Орынбор татар мектебінің ғимараты, барлық дүние-мүлкі қазақ мұғалімдер мектебіне берілді (Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Том одиннадцатый, 1895б: 83). Мұғалімдер мектебі мен училищесі Орынбор қаласының орталығындағы Николаев көшесіндегі бұрынғы Шекара комиссиясы жанынан ашылған мектептің, яғни Ы.Алтынсарин білім алған екі қабатты ғимаратқа орналасты.

Орынбор мұғалімдер мектебі

Орынбор мұғалімдер мектебіне сынақтан өткен балалар ғана қабылданды. Мысалы 1899 жылы оқуға тапсырған Орал облысы Темір уезі №6 ауылдан және Орынбор мұғалімдер семинариясы жанынан ашылған училищенің шәкірті Жүрсінов Тіреу орыс тілінен 3, арифметикадан 4, географиядан 5 алып оқуға қазыналық шәкіртақыға қабылдана, ал Торғай облысы Ақтөбе уезі Қаратұр болысы №4 аул, Бөрті

болысындағы мектептің түлегі орыс тілі, географиядан 1, ал математикадан 2 алып оқуға қабылданбаған (95-қор, 1-тізбек, 137-іс б). 1908 жылы Торғай облысынан сынақ тапсырған 8 баланың 4-уі сынақ кезінде емтихан тапсырудан бас тартса, 3 емтихан сынағынан өтпеген (95-қор, 1-тізбек, 195-іс).

1889-1890 жылы Орынбор мұғалімдер мектебінде оқыған 35 шәкірттің барлығы да қазақ жастары болды, оның 8 сұлтан, 1 діни, 26 қарапайым отбастарынан болса, ал мектеп жанындағы училищедегі 11 қазақ баласының 2 сұлтан, 9 қарапайым отбастарынан болатын (95-қор, 1-тізбек, 24-іс). Мектеп жанындағы училищеде тек қазақ балалары оқыды және олардың саны 10 баладан аспады. Училищені бітірген шәкірттерге мұғалімдер мектебіне түсудің мүмкіндігі көбірек болды.

1916 жылы Орынбор мұғалімдер мектебінде 72 шәкірт оқыса, оның 56 орыс баласы болды. Орыс балаларының әлеуметтік тегі дворян-шенеуліктер-3, дін иелері-2, мещандар-12, казактар-3, шаруалар отбасынан-36 болған. Қазақ шәкірттерінің саны 16 болды (95-қор, 2-тізбек, 374-іс б). 1892 жылдан бастап мұғалімдер мектебіне орыс балаларын қабылдау және мектепке емтихан тапсыру арқылу түсудің қиындығы, қазақ шәкірттерінің мұғалімдер мектебінде санының бірте-бірте кемуіне алып келді.

Әрбір мұғалімдер семинариялары мен мектептердің өз кітапханалары болды: фундаментальді және оқушылардың. Фундаментальді қорда тәлімгерлердің танымын, білімін кеңейтуге және пәннің әдістемесін жетілдіруге бағытталған кітап, журналдар болса, ал оқушы кітапханасында семинария, мектеп курсының барлық пәндеріне арналған оқу құралдары болатын. Орынбор мұғалімдер мектебінің фундаментальді кітапханасында 1890 жылы 512 атаумен 928 том кітап (95-қор, 2-тізбек, 24-іс), болса, 1916 жылы 2829 атаумен 5425 том кітап болды. 1890 жылы училищеде 112 атаумен 735 кітап болса, 1916 жылы 191 атаумен 307 кітап қоры болған (95-қор, 2-тізбек, 374-іс в).

1902 жылы 11 наурызда мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған Ереже әрбір облыс орталығында өз мұғалімдер семинарияларының ашылуына кеңінен жол ашты. Семей мұғалімдер семинариясы (1903 жылы), Ақтөбе ерлер мұғалімдер семинариясы (1912), Орал мұғалімдер семинариясы (1913 жыл), Верный мұғалімдер семинариясы (1913), Ақмола мұғалімдер семинариясы (1916) ашылды. Жаңа Ережеге сәйкес семинариялар 4 сыныптық, ал

семинария жанынан ашылған үлгілі училищелер екі сыныптық болып ашылатын болды. Мысалы, Семей, Архангельск, Арзамас, Кострома, Пермь, Новомосковск, Петрозаводск мұғалімдер семинариясында Ереженің 2382, 2383-2410 баптарына сәйкес 4 сыныптық (3 негізгі және дайындық) болып ашылды. Семинарияның бұрынғы ашылған семинариядан өзгешеліктері болды. Мысалы, а) дайындық сыныбына 14 жастан, бірінші сыныпқа 15 жастан қабылданды; б) семинария жанынан шәкірттердің практикалық сабақ өткізуі үшін екі сыныптық бастауыш училище ашылды; в) семинариядағы қол еңбегі сабағының өткізілуі міндетті болып, оның ролі күшейтілді (Настольная книга по народному образованию. Т.IV, 1911а: 243).

Семей мұғалімдер семинариясы

1903 жылы Семейде ашылған мұғалімдер семинариясы екі сыныптық училищесімен ашылды. Семинария дайындық және 3 сыныптан тұрды. Семинарияда Құдай Заңы және шіркеулік славян оқулары, орыс тілі мен шіркеулік-славян тілі, арифметика, геометрия, тарих, география, жаратылыстану, физика, педагогика, көркем жазу, сызу, сурет, ән сабақтары оқытылды. 1905 жылдан бастап семинарияда қазақ тілі оқытылды.

Ереженің 2394 бабына сәйкес Семей мұғалімдер семинариясындағы қол еңбегі сабағының оқытушысына астаналық мұғалімдер институты оқытушысының көмекшісі қызметіндегідей дәрежеде құқық берілді; г) семинария дәрігерін семинария директорының ұсынысымен оқу округінің попечителі бекітті; д) дәрігер шәкірттердің денсаулығына байланысты мәселе бойынша Педагогикалық Кеңес мүшесі бола алды; е) 1905 жылы 1 шілдеде Семей мұғалімдер семинариясына қазақ тілі мұғалімінің қызметі бекітіліп, ол VIII шенде болды (Настольная книга по народному образованию. Т.IV, 1911б: 243).

Қазақ тілі курсы 4 жыл оқытылды, аптасына 3 сағаттан. Бірінші жылы қазақ тілі орыс транскрипциясымен оқытылып, шәкірттер қазақша сөз жаттау, ауызша сөйлесу, аударма жасауға үйретті. Екінші жылы араб алфавиті, қазақ тілінен орыс тіліне және керісінше аударма жасауға үйретті. Үшінші жылы синтаксис. Төртінші жылы синтаксисті қайталау, қазақша кітаптар оқу, ауыл мектептеріне арналған оқулықтарды талқылау, қазақ тілінде еркін сөйлеу және жазу, өз ойын еркін қазақ тілінде

жеткізе білу, жазбаша жазғанда араб алфавитімен жазуды меңгеру (503-қор, 1-тізбек, 4-іс).

Ереженің 2403 бабына сәйкес Семей мұғалімдер семинариясында қазыналық шәкірт-ақыға оқығандар курсты аяқтаған соң 2 жыл бастауыш училищеде еңбек еткеннен кейін, мұғалімдер институтына түсуге құқы болды. XIX ғасырда Түркістан мұғалімдер семинариясын, Орынбор мұғалімдер мектебін бітіргендердің мұғалімдер институтына түсу құқы болмаса, XX ғасырдың басында ашылған семинария шәкірттеріне мұндай шектеулер қойылмады.

1906 жылғы Семей мұғалімдер семинарияның мұғалімдер құрамына келсек: семинарияның директоры М.Н.Березников Петроград тарих-филология институтын бітірген, гимназия оқытушы дәрежесі бар, ол педагогика, орыс тілдерін оқытты, Б.Г.Герасимов Томскі діни семинариясының студенті, Құдай сабағынан және орыс тілінен сабақ берді, тәлімгер, кеңесші С.Н.Степанов Мәскеу мұғалімдер семинариясы курсы аяқтаған, физика, жаратылыстану тарихынан сабақ берді, тәлімгер кеңесші Н.М.Харченко Ровенскі реальды училищесінде оқыған, уездік училищенің арифметика және геометрия мұғалімі деген дәрежесі бар, арифметика, геометриядан сабақ берді, тәлімгер Е.А. Крестинский Қазан діни Академиясының курсы аяқтаған, тарих, география, ән сабақтарын жүргізді, графика өнерінің мұғалімі В.Т.Винокуров Қазан көркем өнер мектебінде оқыған, орта оқу орындарында сурет сабағын беру құқы бар, сызу, сурет, көркем жазу сабақтарын жүргізді, Нұрғали Құлжанов Орынбордағы қазақ мұғалімдер мектебін бітірген қазақ тілінен сабақ жүргізді, еңбек сабағынан А.П.Брыков Санкт-Петербург земстволық мұғалімдер семинариясының курсы аяқтаған. Гимнастикадан мұғалім А.Б.Молченко болды (503-қор, 1-тізбек, 8-іс).

1907 жылы семинариядағы шәкірттердің 88% христиан дінінде, 12% мұсылмандар болды (503-қор, 1-тізбек, 7-іс а). Әлеуметтік тегі бойынша 26 мешандардың, 17 казактардың, 16 шаруаның, қалған 25 әр түрлі әлеуметтік топтардан болған (503-қор, 1-тізбек, 7-іс б). Шәкірттердің 54-і Семей қаласы мен Семей уезінен, 6-уы Жетісу облысы мен Томск, Тобыл губерниясынан, 2-уі Ақмола облысынан, қалған 10 шәкірт әр түрлі аймақтардан еді (503-қор, 1-тізбек, 7-іс в).

1906 жылдың аяғында Семей мұғалімдер семинариясының жеке өз ғимараты болды. Ғимаратта қол еңбегі, сурет, жаратылыстану, тарих, музыка пәндерінің жеке-жеке

бөлмелері, кітапхана бөлмесі, мәжіліс залы шіркеуімен, музейі болды. Барлық сыныптар қажетті құралдармен жабдықталды. 1908 жылы жаратылыстану-тарих кабинетінде құралдар коллекциясының 81 атаумен 101 құрал болса, географиялық карта, картина, атлас, таблицалардың 21 атаумен 118 түрі болды (503-қор, 1-тізбек, 8-іс).

1912 жылы семинария кітапханасында 2452 атаумен 6993 том кітап, педагогикалық кітапханада 69 атаумен 86 том, музыкалық кітапханада 146 атаумен 400 кітап болды (503-іс, 1-тізбек, 14-іс). Семей мұғалімдер семинариясы басқа семинариялармен салыстырғанда материалдық жағынан жабдыкталуы өте жоғары болды.

Ақтөбеде ерлер мұғалімдер семинариясы

1912 жылы 5 қазанда Ақтөбеде ерлер мұғалімдер семинариясы ашылды. Семинария дайындық сыныбы және 3 сыныптық болды. Ақтөбе ерлер мұғалімдер семинариясының штаты 1902 жылы 11 наурызда Новомосковск қаласы Великие Сорочинцы селосындағы мұғалімдер семинариясы үшін бекітілген Ережеге сәйкес құрылды (458-қор, 1-тізбек, 61-іс а). 1914 жылы қазанда семинарияның жанынан үлгілі екі сыныптық училище 4 бөлімімен ашылды (458-қор, 1-тізбек, 61-іс б).

Ақтөбе мұғалімдер семинариясында 1912 жылы – 12, 1914 жылы – 36, 1916 жылы – 61, 1917 жылы – 60, 1918 жылы – 72 семинарист оқыды. Мұғалімдер семинариясы жанынан ашылған училищеде 1915-1916 оқу жылында 51 шәкірт оқыды. Мұғалімдер семинариясындағы шәкірттердің діни, әлеуметтік құрамына келсек 1913 жылы православия – 31, мұсылмандар – 5, ұлттық құрамы бойынша 31 орыс, 4 қазақ, 1 татар баласы болса, әлеуметтік тегі бойынша 12 мешандар, 24 шаруа отбасынан болды (Обзоры Тургайской области за 1913 год, 1914: 88) 1917 жылы 60 шәкірт оқыса, діни бойынша православия-51, мұсылмандар 9, әлеуметтік тегі бойынша 1 дін иелері, 10 мешандар, 2 казактар, 38 шаруа және т.б. отбасыларынан болатын (458-қор, 1-тізбек, 61-іс в).

Семинарияның мұғалімдер құрамына келсек: директоры В.Ф. Карпов (Трофимов) Петроград университетінің түлегі, дін ілімінің кандидаты, дін сабағынан Н.И. Мордвов Орынбор діни семинариясының түлегі, математика пәнінің тәлімгері Ц.П. Словохотов Харьков университетінің физика-математика факультетінің

тетінің түлегі, орыс тілінің тәлімгері И.В. Уваров Қазан Діни Академиясының түлегі, жаратылыстану мен физика пәнінің тәлімгері А.П. Райский Варшава университетінің физика-математика факультетінің түлегі, тарих және география пәнінің тәлімгері В.М. Кастров Қазан Діни Академиясының түлегі, графика өнерінің оқытушысы П.Е. Марусин Пенза көркем-өнер училищесінің түлегі, ән сабағынан Н.С. Явкин Орынбор мұғалімдер мектебін және ән курсы бітірген, физикалық жаттығулар мен ойындар сабағынан Мәскеу полкы лейб гвардиясының запастағы аға унтер-офицері Курбатов Анатолий Алексеевич, семинария дәрігері В.П. Кудрявцев-Осташенко Петроград әскери-медициналық академиясының түлегі, фельдшер В.К. Власов, эконом және іс-қағаздарды жүргізуші И.А. Медведев Орынбор мұғалімдер мектебінің түлегі болатын (458-қор, 1-тізбек, 33-іс).

Ақтөбе мұғалімдер семинариясының жеке ғимараты болмады, жалға алынған ғимараттар оқу орны үшін ыңғайлы болмады, мұның барлығы да оқу үрдісіне кері әсерін тигізіп отырды. Барлық семинарияларға енгізілген қол еңбегі сабағы арнайы жабдықталған бөлменің болмауына байланысты пән өткізілмеді. 1914 жылы басталған дүниежүзілік соғысқа байланысты ер адамдардың майданға алынуы, семинарияда және оның жанынан ашылған училищеде де мұғалімдердің жетіспеуіне алып келді. 1916-1917 оқу жылында семинария жанындағы училище мұғалімдердің болмауынан уақытша жабылып қалды. 1917-1918 оқу жылында училищеге 33 шәкірт түскенімен, мұғалімдердің жоқтығынан оларды уақытша қаладағы бір, екі сыныптық училищелерге тарқатты (458-қор, 1-тізбек, 79-іс).

Верный мұғалімдер семинариясы

1913 жылы 5 қазанда Верный мұғалімдер семинариясы ашылды. 1913 жылы 5 қыркүйекте семинарияда қол-өнер сыныбы, 1915 жылы 1 қаңтарда ауыл шаруашылығы фермасы, 1 қыркүйекте үлгілі училищесі ашылды.

Верный мұғалімдер семинариясының мұғалімдер құрамына келсек: семинария директоры Мәскеу діни Академиясының түлегі дін мен құқық кандидаты дәрежесінде Василии Андревич Светлов, дін және ән сабағының оқытушысы Верный-Покров шіркеуінің қызметшісі Саратов діни семинариясының түлегі, студент дәрежесінде Гаврил Петрович Тихон-

равов, математика тәлімгері императорлық Мәскеу университетінің физика-математика факультетінің екінші дәрежеде бітірген түлегі Аркадии Васильевич Бутин. Тілдер бойынша тәлімгер Томск мұғалімдер институтының қалалық училищелер мұғалімі дәрежесінде бітірген түлегі Федор Тимофеевич Гаядобин, тарих бойынша тәлімгер Омск мұғалімдер семинариясының түлегі, уездік мұғалім дәрежесінде, титулярлық кеңесші Николай Александрович Иванов, түземдік тілдер бойынша практикант Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі, бастауыш сынып мұғалімі дәрежесі бар Владимир Иванович Шабельников, сурет және сызу сабағының мұғалімі үйден білім алған коллежский ассесор Николай Гаврилович Хлудов, көркем жазу пәнінің мұғалімі Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі, бастауыш сынып мұғалімі дәрежесі бар Василий Константинович Бергидов болды. Семинария экономы Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі коллежский-ассесор Василий Андревич Крещенко болса, ал дәрігер міндетін Верный қаласының дәрігері статс-кеңесші С.М. Волькенштейн атқарды (127-қор, 1-тізбек, 14-іс а).

Семинария жанынан ашылған бір сыныптық үлгілі училищенің негізгі екі мұғалімі болды, бірі бұрынғы Голдиген мұғалімдер семинариясының мұғалімі Илларион Михайлович Яшнов, екіншісі Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі Василий Андреевич Ерещенко болатын (127-қор, 1-тізбек, 54-іс а).

Семинарияда сарт және қазақ тілі оқытылды. Сарт тілін Верный ерлер гимназиясының шығыс тілдерінің оқытушысы Н.Гр. Мацигоров жүргізді. Семинарияда сарт, парсы тілдерін жүргізуге қосымша практикант бекітілді. Бұл міндетті Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі Верный 2 сыныптық орыс-қазақ училищесінің оқытушысы И. Шабельников атқарды (127 қор, 1-тізбек, 42-іс а).

1914 семинарияда 21 шәкірт оқыса, 20 шәкірт – 95,3 % православие, 1 шәкірт – 4,76% мұсылман болды. Әлеуметтік тегі бойынша шәкірттердің 1 – офицер, 3 – шенеулік, 8 – меццан, 3 казак және солдат, 5 шаруа отбасыларынан шыққан. Шәкірттердің ұлттық құрамы бойынша 20 орыс, 1 татар болатын (127-қор, 1-тізбек, 14-іс б). 1917 жылы оқу жылының басында семинарияда 78 шәкірт оқыды. Олар діни құрамы бойынша 69 шәкірт -88,4% православие, 9 шәкірт – 11,6% мұсылман болды. Әлеуметтік тегі бойынша 7 – шенеулік, 2 – дін иелері,

27 – мешан, 23 – казак пен солдат, 18 – шаруа, 1 – көпес отбасыларынан болатын. Мұсылман шәкірттердің ұлттық құрамы бойынша 5 татар, 2 казак, 1 сарт, 1 башқұрт болды (127-қор, 1-тізбек, 54-іс б). 1917-1918 жылғы оқу жылына дейін Верный мұғалімдер семинариясында тек ер балалар оқыса, енді қыз балалар да қабылданатын болды. Үлкен Алматы шіркеулік мұғалімдер мектебінің 20 оқушы қыздарын Верный мұғалімдер семинариясында қосымша сынып ашып қабылдады (127-қор, 1-тізбек, 74-іс).

1913 жылы Верный семинариясы ашылғанда 21 шәкірттің барлығы да қазыналық шәкірт ақыға оқыды (127-қор, 1-тізбек, 14-іс в). 1914 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясына бөлінетін Жетісу облысының 9 земстволық шәкіртақысы кері қайтарылып және жаңадан 6 шәкіртақы тағайындалды. Верный қаласы 10, Пішпек – 3, Қапал, Жаркент, Лепсі уездерінің әрқайсысы 2 шәкірт ақыдан тағайындады. Үлкен Алматы станциясы 2, Кіші Алматы, Қаскелең, Үржардың әрқайсысы 1 шәкірт ақыдан, қала мен станицалар – 24, земстволық 39 шәкірт ақы белгіленді (127 қор, 1-тізбек, 42-іс б). 1917 жылы шәкірт ақы түрлері бойынша бөлінді: қазыналық – 34, қалалық – 15, земстволық – 13, казактардың – 3, өз қаражатына – 3, селолық – 1, келіп-кетушілер – 7, қатысушылар – 4 (127-қор, 1-тізбек, 54-іс в).

Семинарияның шешілмеген түйткілді мәселесінің бірі өз ғимаратының болмауы болды. 1915 жылдың бас кезеңінде семинария 6 ғимаратты, жыл соңында 8 ғимаратты жалға алды. Ғимараттарды жалға алу шығынындағы 3425 рубльді Халық Ағарту министрлігі қаржыландырса, қалған бөлігін Верный қалалық басқармасы қаржыландыратын. 1916 жылы қалалық басқарма соғыс жағдайына байланысты шығынның көбеюіне орай семинарияны қаржыландырудан бас тартты (127-қор, 1-тізбек, 54-іс г).

Мұғалімдер семинарияның өз ғимаратының болмағанына қарамастан материалдық жағынан жақсы жабдықталды. Семинария кітапхана қоры және кабинеттердің фундаменталді кітапханасында 1916 жылдың қаңтарында 1459 атаумен 1459 дана кітап және 3988 том болса, шәкірттердің кітапханасында оқу құралдары мен нұсқаулар 187 атаумен 1907 дана кітап, 1011 том болды. Физикалық кабинетте 299 прибор, химиялық лабораториялық кабинетте-116 материал болды, жалпы жаратылыстану кабинетінің шығыны -4397 рубль құрады. Жаратылыстану-тарих кабинетінде тарих, география, медицина, гигиенадан таблица, карталардың 24 түрі, құны

170 рубльмен жабдықталды (127-қор, 1-тізбек, 54-іс д).

Жаратылыстану-ғылыми кабинет минерология, ботаника, зоология және тағы да басқа жаратылыстану ғылымдарына қажетті 152 түрлі әр түрлі құралдармен жалпы құны 1009 рубльге жабдықталды (127-қор, 1-тізбек, 54-іс ж). Бұл кабинетке құны 143 рубль тұратын ағаш үстелдер сатып алынды (127-қор, 1-тізбек, 54-іс д). 1915 жылы Жетісу Қоныстандыру басқармасының жол технигі Г.Г.Шавкунов 300 Орал тастарынан жинақталған жалпы құны 200 рубльдік коллекциясын семинарияға сыйға тартты (127-қор, 1-тізбек, 54-іс з).

Қол еңбегі сыныбында 1915 жылы 195 еңбек құралдары мен әр түрлі заттардан тұрған сыныптың құны 1432 рубльге бағаланды. Қол еңбегі кабинетінің өз жоңғыш білдегі болды (127-қор, 1-тізбек, 54-іс е).

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қиындықтар Верный мұғалімдер семинариясының оқу үрдісіне көп қиындықтар туғызумен бірге өзгерістер де алып келді. Қол еңбегі пәнінің мұғалімін әскерге шақыруға байланысты, 1916 жылдан сабақ тоқтатылды. Семинарияда ән сабағы да жүргізілмеді. 1916 жылы семинаристер емтихансыз келесі сыныпқа көшірілді. Шәкіртақының, ғимараттарды жалдау құнының, азық-түлік бағасының өсуі және тағы да басқа қиындықтар семинарияның күнделікті өміріне көп қиындықтар туғызды.

Орал мұғалімдер семинариясы

1913 жылы Орал мұғалімдер семинариясы ашылды. Семинария дайындық сыныбы және 3 сыныптық болды. 1914 жылы семинариядағы семинаристердің саны 46, діни құрамы бойынша православие 31, единоверцы – 8, мұсылман – 6, старобрядцы – 1. Әлеуметтік тегі бойынша 3 дін иелері, 10 мешан, 9 казак, 17 шаруа, 1 көпес отбасыларынан болатын (Обзор Уральской области за 1914 год, 1915: 147). 1915 жылы мұғалімдер семинариясындағы шәкірттер саны 67 болды, православие дініндегілер 47, единоверцы – 17, мұсылмандар – 9 адам. Семинарияда оқитын орыс семинаристерінің әлеуметтік тегі бойынша 3-уі дін иелері, 15 – мешан, 16 казак, 23 шаруа, 1 көпес отбасыларынан болды (Обзор Уральской области за 1915 год, 1916: 132).

Орал мұғалімдер семинариясының мұғалімдер құрамы: директор Павел Катонов, дін сабағынан протоерии Иоанн Федор Корноухов, орыс тілінің тәлімгері Иван Григорьевич Фур-

сов, тарих, география пәндерінің тәлімгері Иван Георгиевич Романовский, арифметика пәнінің тәлімгері Алексей Дорофеев, физика, жаратылыстану пәндерінің тәлімгері Михайл Васильевич Романовский, сурет және көркем жазу пәнінің мұғалімі Тимофей Михайлович Новиков, ән сабағының мұғалімі Никита Павлович Осипов, дәрігер, кеңесші Николай Петрович Пыхачев болды (Адресь-календарь Уральской области на 1915 год, 1915: 35).

1916 жылы 28 мамырда Халық Ағарту Министрлігі Ақмола қаласында ерлер мұғалімдер семинариясын ашуға жарлық шығарды. 1916 жылы шілдеден желтоқсанға дейінгі мұғалімдер семинариясының шығыны үшін Халық Ағарту Министрлігі 40 мың рубль бөлді (Памятная

книжка Западно-Сибирского учебного округа на 1916 год, 1916: 312).

Қорытынды

Қорыта келе ХІХ ғасырдың екінші жартысы ХХ ғасырдың бас кезеңінде Ресей империясының қазақ өлкесіне ашқан мұғалімдер семинариялары қазақ ұлтының арасынан мұғалімдер дайындаумен бірге, сол кезеңдегі қазақ ұлт зиялыларының қалыптасуында да өзіндік із қалдырды. Түркістан мұғалімдер семинариясын С. Лапин, Орынбор мұғалімдер мектебін А. Байтұрсынов. Н. Құлжанов, Семей мұғалімдер семинариясын Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Қ.Сатпаев және тағы да басқа тұлғалар бітіріп шықты.

Әдебиеттер

Сборник Постановлений по Министерству Народного Просвещения. Т.7. Царствование Императора Александра II. 1877-1881 годы. (1883). Санкт Петербург: Типография Министерства Внутренних Дел.

Отчет о состоянии Туркестанской учительской семинарии с 1 августа 1882 года по 1 августа 1883 г. Составил секретарь Педагогического Совета Туркестанской учительской семинарии М.Воскресенский. (1883). Ташкент: Типо-Литография С.И.Лахтина.

Добросмыслов А.И. (1912). Ташкент в прошлом и настоящем: Исторический очерк. Ташкент.

Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Т.10. Царствование императора Александра III. 1885-1888 годы. (1894). Санкт Петербург: Типография Высочайшее утвержденного Товарищества «Общественная польза».

Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Том семнадцатый. Царствование государя императора Николая II. 1900 год. (1904). Санкт Петербург: Сенатская типография.

Журнал министерства Народного Просвещения. (1894) Ч. 292. №36. Санкт Петербург: Типография В.С.Балашова и К. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚРОМА), 90-қор, 1-тізбек, 671-іс

Васильев А.В. (1896). Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современные его состояние. Издание Тургайского областного статистического Комитета. Оренбург: Типо-литография П.Н.Жарикова.

Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Том двенадцатый. Царствование императора Александра III 1891-1893 годы. (1896). Санкт Петербург: Типография Высочайшее утвержденного Товарищества «Общественная польза».

Журнал министерства Народного Просвещения. Ч.361. №9. (1905). Седьмое десятилетие. Санкт Петербург: Сенатская Типография.

ҚРОМА, 95-қор, 2-тізбек, 220-іс

ҚРОМА, 95-қор, 1-тізбек, 137-іс

ҚРОМА, 95-қор, 2-тізбек, 374-іс

Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Том одиннадцатый. Царствование государя императора Александра III 1899-1890 годы. (1895). Санкт Петербург: Товарищества Печатня С.И.Яковлева.

ҚРОМА, 95-қор, 1-тізбек, 195-іс

ҚРОМА, 95-қор, 1-тізбек, 24-іс

ҚРОМА, 95-қор, 2-тізбек, 24-іс

Настольная книга по народному образованию. Т.IV, дополнительный. Составил В.Чернолуцкий. (1911). Санкт Петербург: Типография Б.М.Вольфа.

ҚРОМА, 503 қор, 1-тізбек, 4-іс

ҚРОМА, 503-қор, 1-тізбек, 8-іс

ҚРОММ, 503-қор, 1-тізбек, 7-іс

ҚРОМА, 503- қор, 1тізбек, 14-іс

ҚРОМА, 458-қор, 1-тізбек, 61-іс

Обзоры Тургайской области за 1913 год. Тургайский областной статистический комитет. (1914). Оренбург: Электро-Типография Тургайского Областного Правления.

ҚРОМА, 458-қор, 1-тізбек, 33-іс

ҚРОМА, 458-қор, 1-тізбек, 79-іс

ҚРОМА, 127-қор, 1-тізбек, 14-іс

ҚРОМА, 127-қор, 1-тізбек, 54-іс

ҚРОМА, 127 қор, 1-тізбек, 42-іс

ҚРОМА, 127-қор, 1-тізбек, 74-іс

Обзор Уральской области за 1914 год. Приложения к Всеподданейшему отчету Военного губернатора. (1915). Уральск: Уральская областная типография.

Обзор Уральской области за 1915 год. Приложения к Всеподданейшему отчету Военного губернатора. (1916). Уральск: Уральская областная типография.

Адресь-календарь Уральской области на 1915 год. Издание областного статистического комитета. (1915). Уральск: Уральская областная типография.

Памятная книжка Западно-Сибирского учебного округа на 1916 год заключающее в себе список учебных заведений. (1916). Томск: Товарищества Печатня С. П.Яковлева.

References

Sbornik Postanovlenij po Ministerstvu Narodnogo Prosveshhenija. T.7. Carstvovanie Imperatora Aleksandra II. 1977-1881 gody. (1883). [Collection of Resolutions on the Ministry of National Education]. Sankt Peterburg: Tipografija Ministerstva Vnutrennih Del.

Otchet o sostojanii Turkestanskoj uchitel'skoj seminarii s 1 avgusta 1882 goda po 1 avgusta 1883 g. Sostavil' sekretar' Pedagogicheskogo Soveta Turkestanskoj uchitel'skoj seminarii M.Voskresenskij. (1883). [Report on the status of the Turkestan Teacher's Seminary from August 1, 1882 to August 1, 1883.] Tashkent: Tipo-Litografija S.I.Lahtina.

Dobrosmyslov A.I. (1912). Tashkent v proshlom i nastojashhem: Istoricheskij ocherk. Tashkent.

Sbornik postanovlenij po Ministerstvu Narodnogo Prosveshhenija. T.10. Carstvovanie imperatora Aleksandra III. 1885-1888 gody. [Tashkent in the past and present: Historical essay] (1894). Sankt Peterburg: Tipografija Vysochajshhee utverzhdennago Tovarishhestva «Obshhestvennaja pol'za».

Sbornik postanovlenij po Ministerstvu Narodnogo Prosveshhenija. Tom semnadcatyj. Carstvovanie gosudarja imperatora Nikolaja II. 1900 god. (1904). [Collection of Resolutions on the Ministry of National Education]. Sankt Peterburg: Senatskaja tipografija.

Zhurnal ministerstva Narodnogo Prosveshhenija. (1894) Ch. 292. №36. [Journal of the Ministry of the National Enlightenment]. Sankt Peterburg: Tipografija V.S.Balashova i K.

Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиви (ҚРОМА), [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. 90-қор, 1-тізбек, 671-іс

Vasil'ev A.V. (1896). Istoricheskij ocherk russkogo obrazovanija v Turgajskoj oblasti i sovremennye ego sostojanie. Izdanie Turgajskogo oblastnogo statisticheskogo Komiteta. [A historical sketch of Russian education in the Turgai region and its current state]. Orenburg: Tipo-litografija P.N.Zharikova.

Sbornik postanovlenij po Ministerstvu Narodnogo Prosveshhenija. Tom dvenadcatyj. Carstvovanie imperatora Aleksandra III 1891-1893 gody. (1896). [Collection of Resolutions on the Ministry of National Education]. Sankt Peterburg: Tipografija Vysochajshhee utverzhdennago Tovarishhestva «Obshhestvennaja pol'za».

Zhurnal ministerstva Narodnogo Prosveshhenija. Ch.361. №9. (1905). Sed'moe desjatiletie. [Journal of the Ministry of the National Enlightenment]. Sankt Peterburg: Senatskaja Tipografija.

ҚРОМА, 95-қор, 2-тізбек, 220-іс

ҚРОМА, 95-қор, 1-тізбек, 137-іс

ҚРОМА, 95-қор, 2-тізбек, 374-іс

Sbornik postanovlenij po Ministerstvu Narodnogo Prosveshhenija. Tom odnadcatyj. Carstvovanie gosudarja imperatora Aleksandra III 1899-1890 gody. (1895). [Journal of the Ministry of the National Enlightenment]. Sankt Peterburg: Tovarishhestva Pechatnja S.I.Jakovleva.

ҚРОМА, 95-қор, 1-тізбек, 195-іс

ҚРОМА, 95-қор, 1-тізбек, 24-іс

ҚРОМА, 95-қор, 2-тізбек, 24-іс

Nastol'naja kniga po narodnomu obrazovaniju. T.IV, dopolnitel'nyj. Sostavil V.Chernoluskij. (1911). [Handbook on public education]. Sankt Peterburg: Tipografija B.M.Vol'fa.

ҚРОМА, 503 қор, 1-тізбек, 4-іс

ҚРОМА, 503-қор, 1-тізбек, 8-іс

ҚРОММ, 503-қор, 1-тізбек, 7-іс

ҚРОМА, 503-қор, 1-тізбек, 14-іс

ҚРОМА, 458-қор, 1-тізбек, 61-іс

Obzory Turgajskoj oblasti za 1913 god. Turgajskij oblastnoj statisticheskij komitet. (1914). [Surveys of the Turgai region for 1913]. Orenburg: Jelektro-Tipografija Turgajskogo Oblastnogo Pravlenija.

ҚРОМА, 458-қор, 1-тізбек, 33-іс

ҚРОМА, 458-қор, 1-тізбек, 79-іс

ҚРОМА, 127-қор, 1-тізбек, 14-іс

ҚРОМА, 127-қор, 1-тізбек, 54-іс

ҚРОМА, 127 қор, 1-тізбек, 42-іс

ҚРОМА, 127-қор, 1-тізбек, 74-іс

Obzor Ural'skoj oblasti za 1914 god. Prilozhenija k Vsepoddanejšemu otchetu Voennogo gubernatora. (1915). [Overview of the Urals for 1914]. Ural'sk: Ural'skaja oblastnaja tipografija.

Obzor Ural'skoj oblasti za 1915 god. Prilozhenija k Vsepoddanejšemu otchetu Voennogo gubernatora. (1916). [Overview of the Urals for 1915]. Ural'sk: Ural'skaja oblastnaja tipografija.

Adres'-kalendar' Ural'skoj oblasti na 1915 god. Izdanie oblastnogo statističeskogo komiteta. (1915). [Address-calendar of the Ural region for 1915]. Ural'sk: Ural'skaja oblastnaja tipografija.

Pamjatnaja knizhka Zapadno-Sibirskogo uchebnogo okruga na 1916 god zakljuchajushhee v sebe spisok uchebnyh zavedenii. (1916). [Memorable book of the West Siberian educational district for 1916 encompassing the list of educational institutions]. Tomsk: Tovarishhestva Pechatnja S. P. Jakovleva.